



№3 (97) наурыз 2024 жыл

OZEN

«Өзенмұнайгаз» АҚ корпоративті журналы

ӨЗ ІСІҢІҢ МАМАНЫ БОЛ!

www.ozen.kz



«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ
корпоративті журналы

МЕНШІК ИЕСІ:
ӨзенМұнайГаз
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ АСШОКЕТИВНОЕ ОБЩЕСТВО

№3 (97) наурыз 2024 жыл

Басылым Қазақстан
Республикасы Ақпарат және
коммуникация министрлігінде
есепке алынып, №16077-Г
куәлігі берілген

ТАПСЫРЫС БЕРУШІ:
Жұртшылық және
мемлекеттік органдармен
байланыс бөлімі

Бас редактор:
Бибігүл БӨБЕКБАЙ

Журналист:
Жазира АҚБЕРГЕНОВА

Дизайн және беттеуші:
Ғалия ҚҰРМАН

Орындаушы:
«Қазына production» ЖК

РЕДАКЦИЯ МЕКЕНЖАЙЫ:
ҚР, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен
қаласы, Сәтбаев көшесі, 3-ғимарат,
426-кабинет, 8/72934/63445

Шығу жиілігі айына 1 рет.
Журнал материалын көшіріп
басуға редакция рұқсаты қажет.

Журнал «АТИС» ЖШС
баспаханасында
басылды

МАЗМҰНЫ

СҰХБАТ:
«РУХАНИ
ОРТАЛЫҚ
АШҚЫМ
КЕЛЕДІ»

16



МЕЙІРІМ:
**ЖАҚСЫЛЫҚ
ЖАСАП
ЖАРЫСҚАН**

20

ОЙ-ТҮРТКІ:
**ЛУДОМАНИЯ
ҚАРМАҒЫНА
ТҮСІП
ҚАЛМАҢЫЗ**

24



МЕРЕКЕЛІК ЛЕБІЗ

АЯУЛЫ МҰНАЙШЫ ханымдар мен бикеңтер!



**КӨКТЕММЕН
ІЛЕСЕ КЕЛГЕН
8 НАУРЫЗ АРУЛАР
МЕРЕКЕСІ ҚҰТТЫ
БОЛСЫН!**

Сұлу бойжеткен, асыл жар, аяулы ана болумен қатар Өзен кен орны дамуына өлшеусіз үлес қосып, ер азаматтармен бірге тең дәрежеде жемісті еңбек етіп жүрген Сіздерге компания бас директоры ретінде алғысым шексіз.

Еңбек ету өз алдына, спорттық шаралардан да тыс қалмай компанияның абыройын асқақтатып, мерейін өсіріп, жүлделі орын иеленіп жүрген Өздеріңізге біз дән ризамыз.

Сұрқай әлемді мейірім мен сүйіспеншілікке толтырып, нұрландырып, отбасының ғана емес, ел мен жердің берекесін келтіріп отырған ханымдар мен аруларға мерекеде қандай жақсы сөз айтсақ та артық болмайды.

Көктем қызғалдағындай құлпырып, толысқан айдай ажарланып, күлімдеген күндей жарқырап, ырысыңыз асып, күш-қуатыңыз тасып, арамызда аман-есен еңбек етіп жүре беріңіз.

БАРША МҰСЫЛМАН ҚАУЫМЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ҚАСИЕТТІ РАМАЗАН АЙЫ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



Адам баласын ізгілікке шақыратын, ағайын арасындағы туыстықты, өзара ынтымақты нығайтатын, береке-бірлікке, ізгілікке, мейірімге насихаттайтын ұлық мереке берекесімен келсін.

Жақсылық жасап жарысатын айда мұнайшылар да қайырымдылық шара, елдік мәселе, мұқтаж жандарға жәрдем беруден қалыс қалмай, белсенді ат салысатынын мақтанышпен айта аламын.

Рамазан айында бір ниетпен, бір жүреппен алақан жайып елімізге тыныштық пен бүтіндік бере гөр деп құлшына тілек тілеп, дұға қылып, бір Алладан бірауыздан сұрайық!

Ораза қабыл болып, әрқайсымызды құдайдың сүйікті құлдарының қатарынан болуға нәсіп етсін!

ТАБИҒАТ АНАНЫҢ ОЯНЫП, КӨКТЕМНІҢ ЖЫЛЫ ШУАҒЫН СЕЗІНЕТІН ШҰҒЫЛАЛЫ КҮН АМАЛ МЕРЕКЕСІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН.



Бұл күнді бабаларымыз «Самарқанның көк тасы еріген күн» деп бекер атамаса керек-ті.

Амалда ақжаулықты әжелеріміз кебеже түбінде сақтаған ұзынсары сүрлерін асып, бар тәтті-жұмсағымен дастарханды жайнаып, ырыс-несібенің мол болуын тілейді.

Пендеге тән тіршіліктегі келіспеушілік, өкпе-ренішті өшіріп, жүректі жібітіп, көңілді

тазартып, бір-бірімізге кешіріммен қарайтын уақыт деп білемін.

Көшпелі қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде де қыстан аман шығып, көптен көрмеген жандардың жүздесіп, қуанатын сағыныш айы.

Жасы кішілер ауылдың үлкендеріне барып амандасып, көрісу салты – нағыз құрмет пен көргендіктің белгісі.

Амал мерекесі берекесімен, жақсылығымен келіп, әр шаңыраққа нұр боп құйылсын! Ақ мол болсын, уайым-қайғы жоқ болсын!



ЖАҢАРУДЫҢ ЖАРШЫСЫ

ЕЛ АУЫЗЫ АҚҚА, МАЛ АУЫЗЫ КӨККЕ ТИЕТІН ӘЗ-НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ БАРШАМЫЗҒА ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Күн мен түн теңеліп, қыс ызғары қайтып, төрт түлік мал төлдейтін бұл мерекені мұнайшылар да асыға күтеді.

Бірлік пен татулықтың, еңбек пен жаңарудың жаршысы Наурызда бір-бірімізге деген өкпе-ренішімізді кешіріп, мұқтаждарға көмектесіп, жақындарымызға бақыт тілейік.

Ел тыныш, жер аман болып, әр жаңа күн шат көңіл, бақыт сыйласын!

Жеті түрлі дәмнен пісірілетін наурыз көжеден дәм татып, дуалы ауызды батагөй ақсақалдардан бата алайық.

Ұлыстың ұлы күніндегі тілегіміз қабыл болсын. Ырысымыз тасып, бағымыз жанып, беделеміз өсе бергей!

**Құрметпен, «Өзенмұнайгаз» АҚ
бас директоры Нұрдәулет ҚИЛЫБАЙ**



ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ҒАЖАП ЖАРАТЫЛЫС ИЕЛЕРІ

**БАС ДИРЕКТОР
НҰРДӘУЛЕТ
ҚИЛЫБАЙ МЕН
КӘСІПОДАҚ
ТӨРАҒАСЫ
БЕКҚАЛИ
УАҚБАЕВ БІР ТОП
МҰНАЙШЫ ҚЫЗ-
КЕЛІНШЕКТЕРГЕ
ҚҰТТЫ БОЛСЫН
АЙТЫП,
САЛТАНАТТЫ
ТҮРДЕ
МАРАПАТТАДЫ.**



– «Жақсы сөзге жан семіреді» деген тәуір сөз бар. Әлемдегі ең ғажап жаратылыс иелеріне тек мереке күні емес жылдың 365 күнінде жақсы көретінімізді айтып, бетінен сүйіп жүрейік, – деді Нұрдәулет Ігілікұлы.

Мұнайшы арулар құрметіне арнайы шақырылған «Керуен» тобы «Мұнайшы қыз», «Ана туралы жыр», «Анасы бар адамдар, ешқашан қартаймайды», «Жараспаймыз ба?» деген әндерді шырқап, мереке көрігін қыздыра түсті.

Өзен кен орнының дамуына сүбелі үлес қосып жүрген аруларымыз өздеріне арналып жайылған дастарханнан дәм татып, компания ер азаматтарына риясыз алғысын білдірді.

ҚОШ КЕЛДІҢ, ӘЗ-НАУРЫЗ!

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» ТАБИҒАТТЫ ТҮЛЕТЕ КЕЛГЕН ҰЛТТЫҚ МЕЙРАМ
ӘЗ-НАУРЫЗДЫ ӨТЕ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ АТАП ӨТТІ.



Күн мен түн теңесетін, дүние түгел жаңаратын Ұлыстың ұлы күнінде Бұрғылау жұмыстары басқармасы аумағына ақ шаңқан киіз үйлер тігіліп, мол дастархан жайылды.

Мерекеге қала әкімі Жансейіт Қайнарбаев, қалалық мәслихат хатшысы Ғалым Байжанов, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарма төрағасының орынбасары Нұрсейіт Союнов, бас директор Нұрдәулет Қилыбай және кәсіподақ төрағалары қатысты. Ел азаматтары әріптестеріне құтты болсын айтып, игі тілегін жеткізді.

– Наурыз мерекесінің мәртебесін көтеріп, мазмұнын байытатын шараның куәсі болып тұрғаныма өте қуаныштымын. Ылайым ырыс-берекеміз артып, ауызбіршілігіміз нығая түссін. Басымыз аман, бауырымыз бүтін болып, жылдан-жылға аман-есен жете берейік, – деді Нұрсейіт Союнов.

Қадірменді ақсақалымыз Бегалы Озғанбаев бата берді. Жергілікті өнерпаздар қойылым қойып, сахна төрінен әсем ән мен тәтті күй төгілді. Құшақтасып, арқа-жарқа көріскен мұнайшылар бір-біріне жақсы тілегін жаудырды.

Шара аясында ұлттық ойындардан жарыс, ұлттық киім байқауы, сұрақ-жауап сайысы өтті. Ораза ұстаған жандарға ауызашар берілді. Мереке қас қарайғанша жалғасты.





Жыл
«БМГ» АҚ 1964-2024

Жыл
«БМГ» АҚ 1964-2024



**САЛАУАТТЫ ӨМІР
САЛТЫН ҰСТАНАТЫН
МҰНАЙШЫЛАР НАУРЫЗ
МЕРЕКЕСІНДЕ АРҚАН
ТАРТУ, ЛӘҢГІ ТЕБУ,
ҚОЙ КӨТЕРУ СΙΑҚТЫ
ҰЛТТЫҚ ОЙЫН ТҮРІНЕН
ӨЗАРА ЖАРЫСТЫ.**

ШЫНЫҚСАҢ,



«Жарыста жүйрік озады, күресте күшті жығады» демекші, арқан тартудан I орын №2 МГӨБ, II орын БЖБ, III орын №1 СҚКБ командалары ие болды.

Ләңгіні 98 рет тепкен Р.Көшкінбай (№1СҚКБ), 24 рет тепкен Е.Исмағұлов (АжТБ), 17 рет тепкен Н.Шүкірбеков (№1МГӨБ) жүлдегер атанып, жеңіс тұғырына көтерілді.

Қойды 74 рет көтерген №1 МГӨБ қызметкері Серік Жаңаберген жеңіске жетті. Қазақтың «Күш атасын танымас» дегені осы!

Жан алып, жан беріскен дүбірлі дода жеңімпаздарына Диплом мен қаржылай сыйлық табысталды.

ШЫМЫР БОЛАСЫҢ!



№2 МГӨБ арқан тарту командасы

МАҢЫЗДЫ ЖЫЛДАР



**1958 ЖЫЛЫ
ЖЕТІБАЙ
МЕН ӨЗЕНДЕ
ГЕОЛОГИЯЛЫҚ
БАРЛАУ ЖӘНЕ
ҚҰРЫЛЫС
ЖҰМЫСТАРЫ
БАСТАЛДЫ.**

Түбіжіктегі крелиусты партияның Ғ.Әбді-
разақов бригадасы Өзенде «К-18» тай-
ыз ұңғыны 1960 жылы желтоқсанда қазуды
бастап кетті. 1961 жылы 15 қаңтарда 367
метрден алғаш газ фонтаны атқылады. Осы
бригада келесі жылы «К-21» скважинаның
800 метрлік тереңінен тағы да өндіріс ашуға
жетерлік газ қабатын тапты. 1961 жылы 15
желтоқсанда бұрғылау шебері М.Кулебя-
киннің №1 ұңғысынан 1248-1261 метрден
сынақ кезінде Өзен кен орнында тұңғыш
рет алғашқы мұнай фонтаны атқылады.

1962 жылы КОКП ОК мен КСРО Мини-
стрлер Кеңесінің Маңғышлақтағы мұнай кен

орындарын игеруге жедел дайындық тура-
лы Қаулы шықты. Осыдан кейін өнеркәсіптік
барлаужобасы бекітіліп, Өзен мұнай барлау
экспедициясы (УГРЭ) жұмысқа қосылды.
Осы экспедициямен бұрғыланған ұңғыма-
лар және олардың деректері бүкіл кен орын
бойынша қорларды есептеуге негіз болды.
Барлаушылар қазған ұңғыларда Өзен кен
орны қоры 1 млрд геологиялық, 600 млн
тонна өндірістік қоры бар деп Мемлекеттік
кен орын қорғау комитетінде бекітілді. Өзен
мен Жетібайдағы мұнай мен газдың сапа-
сына ғалымдар табиғатта сирек кездесетін
кен орын деген баға берді.



«ЖАЛПЫ МАҢҒЫСТАУ ЖАҒАЛАУЫНЫҢ ҚАЙСЫ
ТҰСЫН АЛЫП ҚАРАСАҢ ДА АДАМҒА ПАЙДАСЫ ЖОҚ
ЖЕРДІ ТАБУ ҚИЫН».

Г.С.КАРЕЛИН,
орыс ғалымы, зерттеуші



«РУХАНИ ОРТАЛЫҚ АШҚЫМ КЕЛЕДІ»

ҚОҒАМ
БЕЛСЕНДІСІ
КҮНСҰЛУ
ӘЙТЕШОВАМЕН
БЛИЦ-СҰХБАТ



– Өзіңіз туралы бір ауыз сөз?

– Мен Түрікменстандағы Қошаба совхозында көпбалалы отбасында дүниеге келдім. Шешем өмірден ерте өтті, әкем жарықтық 90-ға келіп қайтыс болды. 90 жылдары атақұлдік Маңғыстауға ат басын тіредік. Еңбекке ерте араласып, мал қырқып, ауыр жұмыстан тайсалмай нәпақа таптым. 1992 жылдан бері Өзен кен орны өркендеуіне бір кісідей ат салысып жүргенімді мақтан тұтамын.

– Кәсібіңіз өзіңізге ұнай ма?

– Әр адамның арманы болады. Бүгінде №3 МГӨБ-те сораптар стансысының машинисі болып еңбек етіп жүрмін. Бала-шаға асырау керек, «қара қазан, сары бала» қамы үшін жүрген жайым бар. Әділ прокурор немесе журналист болуды қалап-ем. Шіркін-ай, арманым жүзеге асқанда елге көп пайдам тиер еді-ау, деген өкініштің өзегімді өртейтіні рас.

– Бүгінде Өзен кен орнындағы жағдайдың жақсарғаны рас ғой?

– 90 жылдары арнаулы киім, жуынатын-шайынатын жер атымен болмады. Лас киімді үйге тасимыз. Кір мәшине жоқ. Түнімен көз ілмей тығырық соғып шығамыз. Сораптар ескі. Сол кездегі жалақым 4 000 теңге. Оның өзі қолға тимей, талонмен ет беруші еді. Небір күндер өтті ғой... Бөрікті аспанға атып қуануға әлі ерте. Өндірістегі ірілі-ұсақты проблемалар толық 100 процент шешілген жоқ.

– Сіз қандай адамсыз?

– Марқұм нағашы әжем мені «есті тентек» деп отыратын. Бетке айтатын турашыл болғаныммен, жылағанды жұбатып, құлағанды демегім кеп тұрады. Кекшіл емеспін.

– Хоббиіңіз?

– Қошабадағы көршім Мәрияш Бекмағанбетова кітапханашы болды. Мен ертегіден бастап, «Қызыл жебемен» жалғастырып, «Махаббат қызық мол жылдарға» күмп еттім. Шерімді тарқатып, көңілімді көтеру үшін айғайлап өлең айтамын. Хобби демекші, менің Жолмағамбет деген нағашы атам шебер етікші болған. Сол кісі маған көйлек піштіртіп үйретті. Жарықтық мен 6-класта жүргенде қайтыс болды. Алдағы уақытта тігін цехын ашсам ба екен деген де ойым бар. Анау-мынау көйлекті өзім тігіп ала беремін. Тәп-тәуір тоқитын едім, соңғы кезде көзім жасаурап, денсаулығым сыр беріп жүр.

– Сүйікті әншіңіз?

– Роза Бағланованы ұнатамын. Бүкіл әлемді қазақша ыңылдатып қойған Димашты тыңдаймын.

– Адам бойындағы қандай қасиетті бағалайсыз?

– Адам боп өмірге келген соң түзу жолмен жүру керек. Жасандылықты жек көремін. Кейбір ақымақ асабалар апалардың көйлегін, аяғын айтып әжуалап жатқанда зығырданым қайнайды. Шеруге шығып, елдің мұңын билікке жеткізіп, ұлт үшін қызмет етіп жүрмін.

– Саяхаттауды ұнатасыз ба?

– «Қысқа жіп күрмеуге келмейді». Өзірше Астана, Алматы, Түркістан, Шымкентте болдым.

– Жоспарыңыз?

– Ақ болды, көк болды деп жүргенде «Көрінген таудың алыстығы жоқ» демекші, құрметті демалыстың да төбесі көрініп қалыпты. Рухани орталық ашқым келеді. Еліктіретін дүниесі көп өмірден жастарды арашалап, бағыт-бағдар көрсетсем деймін.

– Мереке қарсаңында қыз-келіншектерге айтар тілегіңіз?

– Аяулы жандар. Көктем мерекесі құтты болсын. Баянды бақыт тілеймін. Алла тағала мықты денсаулық, күш-қуат, бақуатты да берекелі ғұмыр нәсіп етсін!

ӨНДІРІС ІСІН ЖЕҢІЛДЕТКЕН – ГҮЛМИРА ҚЫЗ

МҰНАЙШЫЛАР АРАСЫНДА ӨНЕРЛІ ЖАН БАРШЫЛЫҚ. ОЛАР ҚЫЗМЕТІ МЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАТАР АЛЫП, ӨМІРІМІЗ СӘНДІ, КӨҢІЛІМІЗ КӨТЕРІҢКІ ЖҰРУІНЕ СЕБЕПКЕР. СОНДАЙ ЖАННЫҢ БІРІ №4 МГӨБ, №7МГӨК-КЕ ҚАРАСТЫ №101 ТОПТЫҚ ҚОНДЫРҒЫ ОПЕРАТОРЫ ГҮЛМИРА ЕҢСЕПОВА.

19 жыл мұнай саласында түрлі қызметте жүріп, бүгінде оператор болып еңбек ететін Гүлмира Еңсепова өз жұмысын жеңілдету үшін арнаулы рюкзак тігіп шығарған.

– Операторға күнде сынама алуға тура келеді. Ол үшін дүкеннің шар қалтасын екі қабаттап пайдаланамыз. Ол мүлде көтере алмайды, кей кезде сол екі қабатталған бір реттік қалтаның құлағы үзіліп, ішіндегі сынамаларды шашып аламыз. Оның үстіне соңғы уақытта қолым да ауыра бастады. Ойлана келе жұмысымды жеңілдетуді көздедім, – дейді ағынан жарылып.

Гүлмира Шәмшиденқызы қолданып отырған рюкзактың ерекшелігі – оның ескі арнаулы киімдерді пайдалануында болып отыр. Осыған дейін киіліп, қолданыстан шыққан киімдердің логотипі бар тұстарын кәдеге жаратып, өзіне қолайлы тамаша дүние жасап шығарған. Күн сайын сөмкесін асынып, 12 сынама ыдысын алаңсыз сыйдырып, жұмысын атқарып жүр.

1981 жылы Жаңаөзен қаласында өмірге келіп, орта мектепті, кейін колледжді тәмамдаған кейіпкеріміз 2005 жылдың мамыр айында мұнай саласына қызметке орналасады. Оның жұмысқа деген ынтасын байқаған басшылық оған жауапты істерді тапсыра бастайды.

– Әркім өз жұмысын жауапкершілікпен, сүйіспеншілікпен атқарса үлкен нәтиже болмақ. Мысалы, осыдан біраз уақыт бұрын сынамаларға арналған арнайы журнал жобасын жасап, соны бүгінде өзім пайдаланып жүрмін. «Қалауын тапса, қар жанар» демекші, қарапайым дүние менің жұмысымды анағұрлым жеңілдетті, – дейді бармағы майысқан шебер келіншек.

Айналасындағы дүниелерге бей-жай қарамай, өзіндік үнін қосқысы келіп тұратын Гүлмира Еңсепованың ісі көлге тамған тамшыдай ғана болғанымен, адамға ой тастайды.

Өндірісте ғана емес, өмірде де өз жолын тапқан мұнайшы ару отағасымен ұл мен қыз тәрбиелеп отырған аяулы ана.



**ӘР МҰСЫЛМАН АСЫҒА КҮТІП, ЫСТЫҚ ЫҚЫЛАСПЕН
ҚАУЫШАТЫН РАМАЗАН АЙЫ КӨПТЕГЕН ІЗГІЛІКТІҢ ИГІ БҰЛАҒЫ.
ӨҢІРІМІЗДЕ ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАУДАН ЖАРЫСҚАН «КӨМЕК
ЖАҢАӨЗЕН» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ ТУРАЛЫ ЕСТІП-БІЛІП ЖҮРМІЗ.
БҮГІН СОЛ ҚОРДЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ АРДАҚ САЛАМАТҰЛЫ
СМАҒҰЛОВПЕН БЛИЦ-СҰХБАТ ЖҮРГІЗДІК.**

ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАП ЖАРЫСҚАН

– Қор құру идеясы қалай туындады? Қай уақыттан бастап жұмыс жасап бастадыңыз?

– Қоғамдық қор құру бұрыннан ойымда болып, 2017 жылдан түрлі қолдау шараларын ұйымдастыруға кірістік. Қайырымдылық идеясы аясында ниетіміз бір жерден шыққан азаматтар шоғыры қалыптасты. Қордың жұмысы ресми түрде 2020 жылдан басталды. «Көмек Жаңаөзен» деп атап, әлеуметтік желіде парақша аштық. Бастаманы қолдаған жанашыр азаматтармен бірлікте алғашқы баспана кілтін Қызылсай ауылы тұрғынына табыстадық.

– Қор демеушілері кімдер?

– Негізгі демеушіміз дүйім мұнайшы. Қор жұмысы туралы ақпар үнемі ашық айтылады. Атқарылған жұмыс жөнінде көпшілікті құлағдар етіп отырамыз. Сол себептен



де шарапатты іске қол созған мұнайшылар басшылықпен келісім жүргізіп, тұрақты түрде қорға қаржылай көмек көрсетіп келеді. Осыған дейінгі табысталған баспананың бәріне «Өзенмұнайгаз» АҚ мен оған қарасты басқармалар өлшеусіз үлес қосты. Жұмсалған қаржы, сатып алынған дүниелер жөнінде құрылтайшылар алдында есеп береміз.

– Көмек көрсететін адамды қалай іріктейсіз?

– Көп жағдайда көмекке зәру жандар өздері келеді. Көмек сұрағандарға қол созбас бұрын мәселенің анық-қанығына жетеміз. Қор жұмысын ұйымдастыру барысында біз арнайы құрылтайшы тобын құрған болатынбыз. Сол кісілердің өзара ақылдасуымен, адамдардың әлеуметтік хал-ахуалымен танысқаннан кейін ғана шешім қабылданады.

– Осы уақыт ішінде қор жұмысы қанша адамды баспаналы етті?

– 4 жыл ішінде қор мүшелерімен құрылысын бастан аяқ өзіміз қадағалаған, сатып та алынған ұзынырғасы 43 баспана мұқтаж жандарға табысталды. Алдағы уақытта тағы 3 зәру отбасыға баспана тапсыру жоспарда тұр. Бұйырса ол күннің де ауылы алыс емес.

– Сіздерге қандай жағдайда жүгінуге болады?

– Қиын жағдайда қалған, қаржылай тапшылық көріп отырған отбасылар баршылық. Олардың бәріне бірдей көмек қолын созу мүмкін емес. Қор жұмысында көпбалалы, жолдасы қайтыс болып, жалғыз өзі бала тәрбиелеп отырған әйелдерге, асыраушысы мүмкіндігі шектеулі отбасыларға бірінші кезекте қолдау көрсетуге тырысамыз.

Бір өкініштісі, біздің қорға ажырасқан аналар көп жүгінеді. Балаларының әкесі бола тұра көмек қолын созбайтынын, жәрдем көрсетпейтінін айтады. Шамамыз келгенше ол кісілерге де қолдау көрсетуге тырысамыз. Дегенмен жоғарыда аталған категориядағы азаматтарға басымдық береміз.

– Айлардың сұлтаны Рамазанда қандай іс-шаралар атқарылады?

– Жалпы адам баласы қайырымдылықты үнемі жасап тұруы қажет. Сол кезде көңілі ақ, жан дүниесі сергек болады. Оразадағы ең үлкен қуаныш алдағы күндерде табыстайтын 3 баспана кілті болмақ. Оған қосымша балаларға арнаулы сый қалталар әзірленіп, таратылады. Қарттар үйіне бару жоспарда бар. Онда бүгінде 100-ге тарта қария бар екен. Соларды қуанытып, батасын алсақ деген ниеттеміз.

– Қор жұмысына тағы кімдер қолдау көрсетеді? Жетістікке тоқталып өтсеңіз.

– Басты қолдаушы мұнайшы ұжымы екендігін жоғарыда айтып өткен болатынмын. Оған қосымша жергілікті кәсіпкерлер қайырымдылық шараларына өз үлесін қосып келеді. Жергілікті билік, қоғамдық ұйым мен қорлардың да көзқарасы жақсы. «Жыл адамы 2023» премиясында «Көмек Жаңаөзен» қоғамдық қоры үздік деп танылды. 2022 жылы «Жас тұлпар» жастар премиясында алған марапатымыз көңілге медеу. Қала, облыс көлеміндегі, оған қоса министрлік тарапынан да арнаулы марапатқа ие болдық. Мұндай елеп ескеру, ісімізге көпшіліктің ыстық ықыласы бізге мотивация береді.

– Болашақтағы жоспарыңыз?

– Алға қойған жоспар жетерлік. Кеңсеге жөндеу жұмысы жүргізіліп жатыр. Оны аяқтап, арнаулы әлеуметтік жоба ретінде қолға алынған тігін цехы жұмысын жолға қоюымыз қажет. Біз 8 отбасыға баспана салып бергенбіз. Ендігі уақытта сол отбасылардың әрі қарай аяққа тұрып кетуі үшін, көпбалалы аналарды тігін цехына жұмысқа орналастырамыз. Қосымша қор екі намазхана салды. Біреуі Ақтау жолында, екіншісі Құрмаш ата тұсында болса, үшіншісі жақын уақытта Бекі ауылында ашылады.

– Сұхбатыңызға рахмет! Көптің алғысына бөлейтін игі ісіңіз көп болсын!

СКВАЖИНАЛАР ЕМШІСІ – «ӨЗЕНМҰНАЙСЕРВИС» ЖШС

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ-МЕН ТЫҒЫЗ ӨРІПТЕСТІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ОРНАТЫП, САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТИП ОТЫРҒАН КОМПАНИЯНЫҢ БІРІ – «ӨЗЕНМҰНАЙСЕРВИС» ЖШС.

1970 жылдың басында «Мангышлакнефть» өндірістік бірлестігіне қарасты «Өзен» мұнай кәсіпшілігі басқармасында скважиналарды күрделі жөндеу цехы ретінде құрылған «Өзен-МұнайСервис» заман талабымен атауы өзгергеніне қарамастан, сапалы қызмет көрсету жұмысын жүйелі жолға қойған.

Мекеме «Өзенмұнайгазға» қарасты скважиналарға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізумен айналысады. Серіктестіктің скважиналарды күрделі жөндеу бри-

гадалары ПАП-60/80, ПАП-100, УБП-100 көтергіш қондырғыларымен және қосымша техникалар Трал, АНРВ, КМУ, ПАРМ, су және жанар-жағармай техникаларымен қамтылған. Сонымен қатар скважиналарға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу мақсатында бригадалар солақай-оңқай бұрғылау құбырларымен, техникалық құбырлармен, ДЭЛ-140 бақылау өлшеу аспаптарымен, гранит-65 гидравликалық кілттермен және де ауырлатылған бұрғылау құбырларымен, әртүрлі жаңа үлгідегі аулау, фрезерлеу құралдарымен, GPS, ДУТ құрылғыларымен жабдықталған.

2013 жылдан бастап қоршаған ортаны қорғау, экологиялық талаптарды сақтау мақсатында бүкіл бригада қызмет ету кезінде май тоғансыз әдісті қолданып келеді. Серіктестік автотізбегінде агрегат және қозғалтқыштарды жөндейтін, желім-



деу, аккумулятор, аппарат және радиатор оңдайтын учаскелері бар. Өндірістік қамту базасында темір жону, дөнекерлеу, ұста, құрал-жабдықтарды дайындау, қозғалтқыштар жөндеу, электр, бақылау-өлшеу аспаптары мен құралдарын жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Скважиналардың толыққанды жұмыс жасауы үшін уақтылы жүргізілетін жөндеу жұмыстары мен бүкіл техникалық талаптарға сәйкес қызмет түрлерінің жүргізілуі маңызды. Серіктестіктің құрамында бірнеше бөлім, арнаулы топтар мен қыз-

меттер, 4 цех, оларға қарасты 45 бригада, автотізбек және өндірістік қамту базасы, бәрін қосқанда 1300-ден аса адам қызмет етеді. Мекеменің қуаттылық әлеуеті де заманауи көтергіш агрегаттар мен арнаулы химиялық қоспаларды қолданудың нәтижесінде артып, жұмыс өнімділігі артқан. Бас мердігер боп саналатын «Өзенмұнайгазбен» меморандум жасалған. Орта есеппен серіктестік жыл сайын «Өзенмұнайгазға» қарасты 700-ге тарта скважинаға қызмет көрсетіп келеді.



БҮГІНДЕ ЛУДОМАНИЯ ДЕРТІ ӨРШІП ТҰР. ДИАГНОЗЫ ҚОЙЫЛЫП, ӘЛЕМДІК АРНАУЛЫ КОДҚА ИЕ БОЛҒАН АУРУДЫ МЕНТАЛИТЕТКЕ БАЙЛАНЫСТЫ ӘР ЕЛДЕ ӘР ТҮРЛІ ЖОЛМЕН ЕМДЕЙДІ. СЕЗІМІ АУРУҒА ШАЛДЫҚҚАНДАРДЫ ПСИХОЛОГ ПЕН ПСИХОТЕРАПЕВТЕН ҚҰРАЛҒАН КОМАНДА ТЕРАПИЯ ЖҮРГІЗІП, ҚҰЛАНТАЗА АЙЫҚТЫРА АЛАДЫ.

ЛУДОМАНИЯ ҚАРМАҒЫНА ТҮСІП ҚАЛМАҢЫЗ



Кейбір әке-шеше дерттің аса қауіпті екенін ескермей «жөндеп аламын» деп өзім-білемдікке салады. Үйдің үлкеніне айтып, лудомания қармағына түскен бейшараны ұрып-соққызады, қоқан-лоққымен қорқытады, жылайды, қарғайды. Әйтсе де манипуляцияның ешқайсы нәтиже бермейді. Батпаққа батқанды 2 метр сала құлаш тілмен, көз жасымен құтқару деген утопия, қиял!

Ойыншы өтірікті шындай, ақсақты тыңдай етіп соғады. Үй іші адамдарымен сөйлесуден қашқақтап, дастархан басына келмей, кісікіктенеді. Ұйқысы бұзылып, үйге түнемейді. Төгері, жүрген жүрісі күмәнді бола бастайды.

Барар жер, басар тауы қалмаған, баспанасы мен көлігінен айырылып, тақырға отырған кезде ғана пұшайман болған әке-шеше емдеу орталығына барады.

Өкініштісі, жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақ тәрізді букмекерлік кеңсе көбеймесе, азаймай тұр. «Ойын ойна да, миллионер бол» деген жарнамадан аяқ алып жүре алмайсың.

Еліктіргіші көп, қызылды-жасылды әлемде әр адам бақуатты өмір сүргісі келеді. Оңай жолмен

байығысы келгендер ойынға 50, 100 теңге салып, бірден 100 мың теңге ұтып алады. «Даудың басы – Дайрабайдың көк сиыры» демекші, бөленің бәрі осы жерден басталады, ауру өршиді, асқынады. Тәуелділікке ұрынады.

Қазақстан бойынша аталмыш ойынға 700 000 000 теңгеге «кіріп» кеткен факті тіркелген. Мұндай ақшаны ішпей-жемей өмірбақи жұмыс істесең де жинай алмайсың.

Психолог мамандардың айтуынша, «құтқарушы» бар кезде (жылап-сықтап жүрсе де, қарызынан құтқаратын ет жақын адамдар) ойыншы ойынын тоқтатпайды. «Құтқарушы» тақырға отырған кезде, ойын да үзілді-кесілді тыйылады.

Соңғы кезде ойын төрінен қыз-келіншектердің көріне бастауы – көңілге алаң тудырады. Көбіне 30-35-тегілерді торына түсіретін лудомания дертіне шалдыққан адам ажырасуға, суицидке бейім болады.

«Жаман айтпай, жақсы жоқ» дегендей жақыныңыз ғайыптан тайып лудомания дертіне шалдықса, басты тау мен тасқа соқпай, бірден мамандарға хабарласқаның жөн.

ҚЫЗМЕТШІ

(әңгіме)

Жұмыс іздеп аяғынан тозған Ғазиза хабарландыру бойынша жер үйде тұратын пен-сідегі үлкен кісілерге қызметші болып орналасты. Әке-шешесінен бөлек тұратын баласы ай сайын тәп-тәуір жалақысын көртішкесіне аударып тұрады.

Пысық келіншек, қартайса да жер тірей қоймаған екеуінің үйін тазалайды, тамағын пісіреді, кір мәшинесін қосады. Кезінде басшылық қызметте болған байының арқасында шайқап ішіп, үріп төккен күнінің келмеске кеткеніне қиналатын ерке кемпір ауруын айтып, Ғазизаға шағымданғанды жақсы көреді.

– Шырағым, талай түріктің пахлавасымен шай ішіп, қазақтың тыққан қазысымен тамақтанатын едім. Өт мазалағалы бері бұның бәрі жайына қалды. Бүгінде сәбіз шырынын, шөп-шалам мен балықты қанағат етіп отырған жайым бар, – деп күрсінеді.

Беймаза шал көрші тұратын күйеубаласынан биттей кемшілікті іліп алып, «насыбай ату-ды неге қоймайсың, жолда көлікпен дұрыстап неге жүрмейсің?» – деп жерден алып, жерге салып жатады.

Адам көрсе, жерден жеті қоян тауып алғандай қуанып кететін шал тыңдар құлақ табылса, көйітіп әңгіме айтуға кетері емес.



– Мына өмір жеңілдейді ме десек, керісінше қымбатшылық деген бәле жан-жақтан қысып барады. Көнбіс халықта ләм-мим үн жоқ. Қайбір жылы Иранда жұмыртқа қымбаттады деп мемлекет шайқала жаздады. Қамсыз қазаққа той болса болды...

Шаңсорғышты қосқан Ғазизаға шалдың сөзі естілмей кетті. Небары үш бөлмесі бар шағын үйді мұнтаздай етіп тазалап алып, үлкен кісілерге қызыл көжеден құйып беріп, жапырақ шайдан демдеді. Көңілденген кірпияз кемпір көршінің келінін өсектеуге кірісті.

– Нағыз бетпақ қатын. Тура беттен алып, ә десен мә деп, шарпылдасып, айғайласып ұрсыса жөнелді. Көргенсіз. Ауық-ауық аузы кеппейтін маскүнем байымен керісіп, бүкіл көшені басына көтереді.

Дәу рюкзакты арқалап мектептен екеуінің немересі келді. Кітапқа, кітап оқуға деген көңілі алабөтен осы кішкентай қара баланы Ғазиза ерекше жақсы көріп, бүйрегі бұрып тұрады.

– Үшінші тоқсан бітті. Енді бір апта демаламын, – деді тамақ ішіп отырып. Қуаныштан көзі жайнап кетіпті.

Байынан таяқ жеп, тіршіліктен тірек таппай қиналып, жалғыздық азабын тартып жүрген келіншек кемпірге келіп, мұң шағып кетті.

– Осы қазіргі қатындарды түсінсем бұйырмасын, қит етсе, еңірегінде етегі жасқа толады. Кезінде аю ененің де тілін таптық, талай байымыз ішіп келіп көкала қойдай етіп сабады.

ОЙМАҚТАЙ ОЙ
«ӨШПЕНДІЛІКKE ТОЛЫ ӘЛЕМДЕ,
ҮМІТТЕНЕ БІЛУІҢ КЕРЕК.
ЖАУЫЗДЫҚКА ТОЛЫ ӘЛЕМДЕ,
КЕШІРЕ БІЛУІҢ КЕРЕК. ҮМІТСІЗДІКKE
ТОЛЫ ӘЛЕМДЕ, АРМАНДАЙ БІЛУІҢ
КЕРЕК. КҮДІКKE ТОЛЫ ӘЛЕМДЕ,
СЕНЕ БІЛУІҢ КЕРЕК».

Майкл ДЖЕКСОН

Көндік. Ұл да тудық, қыз да тудық. Үй ішіндегі проблеманы талқыға салуға намыстанушы едік... быды-быды, – деп зәбір көріп жүрген келіншекті күстаналап жатты.

Кемпір мен шалдың кешкі асын беріп, балабақшадағы баласына асыққан қызметшінің есік жанында бүк түсіп жатқан көрші еркекке көзі түсті.

Тіршіліктің тар жол тайғақ кешуінде адасқан қорғансыз азамат аяушылық сезімін оятты.

Тұрақсыз әлемде есінен адасқан адамдар өмірінің құнсыз екенін ойлаған Ғазиза таксиге мініп, жөніне кетті.

Бибігүл БӨБЕКБАЙ



КІТАР ОQY

**ТҮРІК
ЖАЗУШЫСЫ
САРА ГЮРБЮЗ
ОЗЕРЕННИҢ
«ЕРЖҮРЕК
ЮНГАСЫ»
ТОПТАМАСЫН
ОҚЫП,
КЕЙІПКЕРМЕН
БІРГЕ ДҮНИЕНІҢ
ТӨРТ БҰРЫШЫН
ОНЛАЙН ШАРЛАП
ШЫҒУҒА КЕҢЕС
БЕРЕМІЗ.**



Кітаптың бас кейіпкерімен бірге бұрын Қара құрлық деп атаған Африкаға барып, құм үстінде салынған ғажайып қала Дубайды тамашалайсыз.

Халқы қасиетті санайтын Ганг өзеніне, 3 мың шақырымдық Қытай қорғанына, Жапониядағы биіктігі 13 метр Будда мүсініне ат шалдырасыз.

Әлем мұнымен бітпейді. Ақ лала гүлінің отаны – Финляндия, эйфель мұнарасы бар Пағиж, перғауындар мазары, Ниагара сарқырамасы, Солтүстік полюс, көкпен таласқан Нью-Йорк, заманауи қала Манхэттен, кофе өсірумен айналысатын Аргентина, Индонезия астанасы Джакарта, Сингапур, Малайзия, Мальдив аралы, Судан жағалауы, Мысыр жері, Иордания, Израиль, Арабия шөлі... деп кете береді.

Қауіп-қатерге толы сапар туралы кітабын автор «Әлемді қанша шарласақ та, өз үйімізге жетер жер жоқ» деп аяқтапты.

KINOQARA

**ЖАЙДАРМАНШЫЛАР ТҮСІРГЕН «ЖЕЗДУХА»
ФИЛЬМІН КӨРУГЕ КЕҢЕС БЕРЕМІЗ. КАРТИНАДАН ҮЙІ
ЖОҚ ҚАЗАҚТЫ КӨРЕСІЗ. СОЛТҮСТІККЕ КӨШ ДЕГЕН
НАСИХАТТЫ СЕЗЕСІЗ. ЖЕМҚОР ӘКІМДЕРМЕН
ТАНЫС БОЛАСЫЗ.**



Жанр комедия болса да, терең ой қозғаған. Бір қуанарлығы фильм кейіпкерлері лексиконында анайы сөздер жоқ. Ішегіңіз түйілгенше, көзің қызарғанша күлемін десеңіз, мархабат!



**ҚАДІРЛІ ӘРІПТЕС, АДАМ ЖАСЫНЫҢ
ТАҒЫ БІР БЕЛЕСІН БАҒЫНДЫРАП
МЕРЕКЕҢІЗ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!**

АРДАҚТЫ ӘРІПТЕС!

*Мерейлі жасыңыз
құтты болсын!*

«Адам – тастай берік, гүлдей – нәзік» деп Шерағаң айтпақшы, өмірдің талай ыстық-суығына шыңдалып, қазір тұтас әулеттің арқа сүйеріне айналған, ал еңбекте білік-тілік пен шеберлікке қол жеткізген өзіндік орны бар мамансыз.

Жылы сөз, ыстық құшақ, мейірлі көзқарас адам жанын гүлдей әдемі етсе, бүгінде Сіз сол құрмет пен қошеметке лайық жандар дейміз.

Адам бақытты болу үшін жан дүниесі тыныш, айналасы аман болса жеткілікті. Төл мерекеңізде ішкі үйлесім бұзылмай, төрт құбылаңыз түгел болсын деген тілек білдіреміз.

Еңбегіңіз еленіп, мәпелеп өсіріп отырған ұл-қызыңыз абырой-беделіңізді арттыра бергей. Ең бастысы, денсаулығыңыз мықты болсын!

Ізгі тілекпен, «Өзенмұнайгаз» АҚ





Оразбек Қарамұрзаев
Наурыз Омаров
Азамат Меңдіғазин
Мұрзабек Өтесінов
Мәрияш Түзелбаева
Салтанат Биғалиева
Кенжағали Сырымов
Наурыз Қойшыбаев
Амангелді Әділов
Жаңабай Баймолдаев
Мақтымқұлы Ағишанов
Марат Тәңірбергенов
Гүлмира Батырова
Сақи Башиев
Серікбай Таңатов
Сәттігүл Сесбергенов
Дүйсенбай Смағұлов
Марат Садықов

Марат Торғаев
Наурызбек Исебаев
Рашит Өнербаев
Нұрлан Төребаев
Амандық Бүркітбаев
Наурыз Рахметов
Марат Тұрланов
Өмірхан Жандосов
Иса Досанов
Әліби Жайлыбаев
Бауыржан Күзембаев
Доктырбай Қомашев
Дина Күреңбаева
Айтгүл Аманжолова
Зәмза Сисенбаева
Нұрек Әбдірахманов
Жаңбырбай Бәжбенов
Қайрат Ерленов

Тур Дунбаев
Олжас Қалдыбаев
Жолберген Өтегенов
Жексенбек Ашықбаев
Рамазан Сариев
Әлім Үсенов
Наурызбек Іншенбаев
Қуат Еңсеп
Нұрлыбай Тілеужанов
Ерболат Қабдықайыров
Жақсығұл Аймұратов
Сенбай Бекежанов
Жұма Әйтешев
Ілесбай Ауданбаев
Оразбай Суханов
Жұмагүл Досбергенова
Сәрсенбай Раматуллаев

**ХАЛҚЫМЫЗДА
«ҚАРТЫ БАР ЕЛ –
ҚАЗЫНАЛЫ ЕЛ»
ДЕГЕН ТАҒЫЛЫМДЫ
СӨЗ БАР. БІЗ
ҚАРИЯСЫН
ҚАДІРЛЕП,
АРДАГЕРІН
АРДАҚТАҒАН ТЕКТІ
ЕЛДІҢ ҰРПАҒЫМЫЗ.**

Әркез алдыңғы буын аға-апалардың ел дамуы жолындағы ерен ерлігі мен қажырлы еңбегін үлгі тұтамыз. Өйткені ғұмыры ғибратқа толы ардақты жандардың жүріп өткен жолы – өнеге мен тағылым мектебі.

Күрмеуі көп дүниенің түйткілді тұстарында алдыңыздан өтіп ақыл, қажырымыз қажалғанда өзіңізден қуат, жанға дағуат аламыз. Әрқашан Сіздердің амандығыңызды, күйлі-қуатты болуыңызды тілейміз.

Туған күніңіз құтты болсын! Абзал азамат – ардақты ардагер деген абыройлы есіміңіз – біздің бет түзейтін құбыламыз, асыққан межеміз болсын. Ашық аспан, мол бақыт, отбасыңыз берекелі болсын. Аман жүріңіз!

**Игі тілекпен,
«Өзенмұнайгаз» АҚ**

ҚАДІРМЕНДІ АРДАГЕРЛЕР!



Нұрания Мұхамедиева
Қожахмет Сегізбаев
Салтанат Дарбаева
Дәріш Нұрмағамбетова
Асан Бекбатыров
Нина Мұхитова
Мұрат Бөлекбаев
Ахмет Досметов
Қалжан Құлымжанова
Боранбай Ауылбаев
Ережеп Тілеуов
Есенқұл Иманғалиев
Ізбасар Сатыбалдыев
Таупих Бүйрекбаев

Өтелген Сүйеуов
Жаңыл Батырова
Яшадил Ханыев
Сафидулла Сәрсенов
Қарсақбай Нұржігітов
Наурызбай Күлекешов
Мұса Құрақбаев
Арапбай Түрікменбаев
Жұмағали Бекмағанбетов
Сәрсен Аманқосов
Гүлнар Тілепиева
Оразбай Таңатаров
Орынбай Мадреймов
Ербол Кіржанов

ӨзенмұнайГаз

«Өзенмұнайгаз» АҚ әлеужелідегі ресми парақшаларына QR кодты скандау немесе сілтемеге өту арқылы жазылып, компания жаңалығынан хабардар болыңыз.

[www.facebook.com](https://www.facebook.com/ozenmunaigas)

[instagram.com](https://www.instagram.com/ozenmunaigas)

[www.tiktok.com](https://www.tiktok.com/@ozenmunaigas)

[youtube.com](https://www.youtube.com/ozenmunaigas)

